



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

16 қазан 2018 те
Қостанай қаласы

№ 289-МҚ
город Костанай

«AQUAZAR» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне тарифін және тарифтік сметасын бекіту туралы өтінімін қарастыру кезінде жария тыңдау өткізу туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14–1 бабы 1 – тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздың № 219 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерді қарау кезінде жария тыңдаулар өткізу қағидаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2018 жылдың 25 қазанында сағат 14.00 «AQUAZAR» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне тарифін және тарифтік сметасын бекіту туралы өтінімін қарастыру кезінде Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Әуликөл селосы, Ш. Жанибека көшесі, 29 үй, (кіші зал) мекен-жайы бойынша жария тыңдау өткізілсін.

2. Жария тыңдаудың төрағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды реттеу және бағалар бөлімінің басшысы – Сабыржан Азамат Мәуленұлына тағайындалсын.

3. Жария тыңдаудың хатшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаментінің табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы – Гасанов Руслан Исаг – Оғлы тағайындалсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы

М. Мадияров